

Отбасы – тәрбие

бастауы

«Баланы дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу - бұл біздің келешек қасіретіміз»

А.С. Макаренко

Мақсаты:

Ата – аналармен тілдесіп, оларды ынталандыру, ортақ шешімді анықтау. Болашақта баламен жұмыс істеу міндетін белгілеу, ата - аналармен бетпе-бет кездесе отырып, бала тәрбиесі туралы пікір алысу. Бала тәрбиесі де ата - ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.– аналармен тілдесіп, оларды ынталандыру, ортақ шешімді анықтау. Болашақта баламен жұмыс істеу міндет.





Құрметті ата - аналар! Бүгін біз сіздермен бала тәрбиесі жөнінде ой бөлісу мақсатында жиналып отырмыз. «Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады» демекші әрбір ата - ана өз баласының тәрбиелі де рухани азығы мол азамат болып өсуін тілейді. Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі - жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Жас ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуында ата - анамен тәрбиешінің рөлі зор. Бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс, қатып қалған тәсіл қолдануға болмайды. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алымен баланың сезімін оятып, баланың әсершілдігін дамыту». «Сезімді тәрбиелеу»яғни баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз - адамзатқа қызмет ету. Әр ата - ана перзентінің мәдениетті, адамгершілігі мол, білімді, саналы, еңбекқор, ата - салтын, ана - тілін қастерлейтін, үлкенді сыйлай білетін адам етіп тәрбиелеуді ата - аналық міндеті деп түсіну керек.

«Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы - жақсы тәрбиеленген адам» деген болатын грек философы - Эпикет.

Бала - әр ата - ананың болашағы. Ол – оның өмірінің

Ой қозғау



Бала деген кім?





Гүл теруге шығайық

Барлық ата - аналар орындарынан тұрып, гүл теруге шығады. Бір - бір гүлден алады. Сол гүлдерде сұрақтар жасырылған. Осы сұрақтар көлемінде пікірталас өрбиді.

Сұрақтар:

- 1. Сіздің бойыңызда, сіздің ойыңызша қандай жақсы қасиеттер бар?**
- 2. Егер сіздікі дұрыс болмасада балаңыздан кешірім сұрай аласыз ба?**
- 3. Баланың бойына жақсы қасиеттер қалыптастыру жолын айтыңыз?**
- 4. Шыдамды деген не? Шыдамдылық қасиетін қалыптастыруда сіз қандай роль атқарасыз?**

«Танып ата?» ойыны



Ситуациялық сұрақтар

«Қымбат машина»



«Бірде әкесі Аманға жаңа ойыншық сатып әкеліп берді де: «Сындырушы болма, қымбатқа сатып алдым»- дейді. Қандай ойыншық десейші. Қара бояуы жалтылдаған әдемі машина. Келесі күні Аман жаңа ойыншығын құшақтап аулаға шықты. Сыртта оны Рахат, Қанат, Мұса қоршап алды.

- Қараңдаршы, папам әперді. Аман машинасын құшағынан шығармай мақтана сөйледі.
- Келші көрейік...

Бере тұршы жүре ме екен?

- Қандай әдемі, кел. ойнайық.

Аман ойыншығын құшақтап оларға бермей қойды. Әрі - беріден соң Рахат та, Қанат та, Мұса да өз беттерімен ойнап кетті. Аман ойыншықты үйге әкеліп, төсегінің астына қойды да сыртқа шықты. Қараса, балалар өздерінше арық қазып ойнап жүр екен. Аман қызығып, жүгіріп қастарына келді.

- Мен де ойнайыншы.

- Ал, балалар болса үндемей, ойындарын жалғастыра берді.»

Сұрақтар:

1. Әңгімеден не түсіндіңіздер?

2. Кім қателік жіберді деп ойлайсыздар?

3. Аман кінәлі ме?

4. Аманның әкесінің орнында сіздер қайтер едіңіздер?

Менің отбасым



Суретке қарап өз балаларының салған суретін табу

Мақалды жалғастыр

- Отбасы - ...
- Отан - ...
- Әке - ...
- Аға - ...
- Іні - ...
- Ана - ...

«Мейірім» жылы сөздер айтқызу



Қорытынды

Барлық өнеге отбасынан басталады. Балаларымыздың бойына сіңген ізеттілік - дөрекілікке, қайрымдылық – қатігездікке, адалдық – арамдыққа ауыспасын деген тілегімізді орындау - ұрпақ алдындағы ұлы міндет деп түсінейік.

